

Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша

Кімге: «Азаматтық бастамаларды қолдау
Орталығы» коммерциялық емес акционерлік
қоғамына

Кімнен: «Parasat Pro» қоғамдық қорынан

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқамерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған
конкурсқа қатысуға өтінім**

1. Өтініш беруші				
1. БСН	220240026055			
2. Ұйымның тіркелген күні	17.02.2022 жыл			
3. Ұйымның толық атауы	«Parasat Pro» қоғамдық қоры			
4. Ұйымның заңды мекенжайы	130500, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, 130500, Ж. Мыңбайұлы, үй №9			
5. Ұйымның басшысы	Ізтұрғанов	Ғазиз	Бауыржанұлы	Директор
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес	«Parasat Pro» орталығы» қоғамдық қоры құрылғаннан бері жарғылық қызметтеріне сәйкес қоғамдағы маңызды мәселерді			

негізгі қызмет түрлері	<p>алдыға шығарып, оларды шешуге ұмтылып келеді. «Parasat Pro» орталығы» қоғамдық қоры бүгінге дейін шығармашылықты қолдау, тұрғындар арасындағы әртүрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал ету бағытындағы кешенді жұмыстарға басымдық берді.</p> <p>Қор қызметінің басты мәні мен мақсаты болып табылады:</p> <p>Әлеуметтік, қайырымдылық, ағартушылық, құқықтық қорғану, мәдени, азаматтық және басқа да қоғамдық пайдалы мақсаттарға қолдау жеткізуді көздейді.</p> <p>Басты мақсатқа жету үшін қор келесі шараларды қолданады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қордың қызметіне қатысты және іске асырылып жатқан ағымдағы бағдарламаларға, жобаларға сай іс-шаралар, соның ішінде конференциялар, семинарлар, қоғамдық тыңдаулар, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, дебаттар, сұхбаттар, фестивальдар, форумдар, жәрмеңкелер, көрмелер, үйірмелер, симпозиумдар, лекториумдар, шеерлік класстар және заңмен тыйым салынбаған іс-шараларды ұйымдастыру; - Талантты жастарды ізлеу, қолдау және оларды көтермелеу; - Қордың қызметіне және қордың мақсатына қарсы келмейтін әлеуметтік жобаларға қатысты ақпараттық бюллетеньдер, ақпараттық парақшалар, жадынамалар, брошюра, плакаттар, билбордтар, баннерлер, сол сияқты ақпараттық материалдарды шығару мен тарату жұмыстарын ұйымдастыру; - Волонтерлік бастамаларды, волонтерлік жобаларды, волонтерлік ұйымдарды қолдау, волонтерлерді ұйымдастыру; - Бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс орнату, идеяларды бірлесе іске асыру; - Халықаралық тәжірибені қолдана отырып, ұлттық және халықаралық, республикалық ұйымдарды тарту арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру мен дамыту жөніндегі өңірлік және басқа да іс-шараларды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге қатысу; - Тұрғындарға және ұйымдарға қолдан келетін жан-жақты көмек көрсету; - Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарға, гранттарға, байқауларға, конкурстарға қатысу мен әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру. <p>«Parasat Pro» қоғамдық қоры Маңғыстау облысындағы және өзге де өңірлердегі Үкіметтік Емес Ұйымдармен, жастар ұйымдарымен, бастамашыл топтармен, қоғам көшбасшыларымен әріптестік-серіктестік негізде тығыз қарым-қатынас орнатып келеді.</p>
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар	<p>«Parasat Pro» қоғамдық қоры үкіметтік емес ұйым ретінде тіркелгелі бері азаматтық қоғамды дамыту бағытында жұмыс жүргізіп келеді. Аталған уақыт аралығында қор Маңғыстау облысы тұрғындарымен, жастармен, бастамашыл топтармен, белсенділермен, үкіметтік емес ұйымдармен, әлеуметтік желі қолданушыларымен, блогерлермен және еріктілермен тұрақты байланыс орната отырып, өңір аумағында әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырып үлгерді.</p>
8. Ұйымның байланыс телефоны	+7 708 157 94 81
9. Электрондық пошта мекен жайы	ofparasatpro@gmail.com

10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты							
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)	Facebook: «Parasat Pro» қоғамдық қоры https://www.facebook.com/profile.php?id=100078674079213&mibextid=LQQJ4d Instagram: parasatpro https://www.instagram.com/parasatpro/						
12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып абылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздересінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.	№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі нәтижелері
	1.	«ЭкоСана» жобасы	500 000 (бес жүз мың) теңге	Еуропалық Одақ, «Маңғыстау облыстық Азаматтық Альянс» ЗТБ	Басталуы 01.08.2022 жыл	Аяқталуы 31.12.2022 жыл	Жоба арқылы тұрғындардың экологиялық сауатын арттыру, қоршаған ортаны қорғауға, аялауға баулуға, мектеп оқушыларын бейнероликтерге тарту арқылы экологиялық мәселенің өзектілігін түсіндіруге бағытталған жұмыстар жүргізілді. Жоба бойынша Түпқараған ауданы аумағындағы тарихи-табиғи-мәдени орындарда 7 әлеуметтік бейнеролик

						түсіріліп, Түпқараған аудандық Мәдениет үйі ғимаратында мектеп оқушыларының және жастардың қатысуымен «Табиғатты қорғайық, аялайық!» атты бейнероликтердің ашық көрсетілім жасалды.
2.	«Жастар жұмыссыздығының азаюына ықпал ету мақсатындағы мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру» жобасы	500 000 (бес жүз мың) теңге	Маңғыстау облысының жастар саясаты жөніндегі басқармасы	08.10.2022 жыл	31.12.2022 жыл	Жоба Түпқараған ауданында орналасқан 4 мектептің 300-ден астам жоғары сынып оқушыларын қамтыды. Жоба аясында оларға кәсіптік бағдар беріліп, еңбекке саналы көзқарасты сәтті қалыптастыруды және еңбек нарығында өз мүдделерін, мүмкіндіктері мен талаптарын ескере отырып, мамандық таңдау процесін логикалық түрде дамытуды

						үйретті.
3	«Ауыл балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру» жобасы	Өз қаражаты есебінен	Түпқараған ауданы тұрғындарының сұранысы негізінде	13.11.2022 жыл	20.11.2022 жыл	Жоба аясында Түпқараған ауданына қарасты бірнеше ауылдың мектеп оқушыларының қатысуымен колөнер, пайдаға жарамсыз дүниелерді іске асыру бағыттарында шеберлік сағаттары өткізілді. Іс-шараға 30-а жуық ауыл балалары қатысты.
2. Әлеуметтік жобаның командасы						
1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	Жоба жетекшісі – Дүйсенов Еділбек Медетұлы Қоғаммен байланыс жөніндегі маман – Тайжанов Нұрлығасыр Жанабайұлы Жоба есепшісі – Қыдырбаев Нұрболат Жетыбайұлы					
2. Жұмыс тәжірибесі	<p>Дүйсенов Еділбек Медетұлы – жоба жетекшісі</p> <p><u>Жұмыс тәжірибесі:</u></p> <p>2017-2018 жыл, республикалық «Жұлдыздар отбасы» журналының тілшісі 2018-2021 жыл, Түпқараған аудандық «Ақкетік арайы» қоғамдық-саяси газетінің тілшісі 2018-2021 жыл, Түпқараған ауданы әкімдігінің баспасөз қызметінің жетекшісі 2021-2023 жыл, Түпқараған аудандық «Ақкетік арайы» қоғамдық-саяси газетінің тілшісі 2022-2023 жыл, Жаңаөзен қалалық әкімдігінің баспасөз қызметінің жетекшісі</p> <p><u>Біліктілігі:</u></p>					

Бакалавр, әл – Фараби атындағы ҚазҰУ–дың филология және әлем тілдері факультетінің «қазақ тіл ғылымы» мамандығы

Жоба жетекшісі, «Маңғыстау жастары» интернет-порталының және интернет-телевидениесінің жұмысын ұйымдастыру» жобасы

Қоғаммен байланыс жөніндегі маман, «Zhas Project» Маңғыстау облысы жастарының әлеуметтік осал топтарын қолдау пилоттық жобасы

Қоғаммен байланыс жөніндегі маман, «Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға арналған шағын гранттар» жобасы
ҚР «Журналистер Одағының», ҚР «Жазушылар Одағының» мүшесі.

Тайжанов Нұрлығасыр Жанабайұлы – қоғаммен байланыс жөніндегі маман

Жұмыс тәжірибесі:

2019-2020 жыл, «Жаңаөзен қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ, статист

2020 жыл, «Жаңаөзен қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, әдіскер

2020-2021 жыл, «Nur Otan» партиясы Жаңаөзен қаласы филиалы жанындағы «Jas Otan» жастар қанатының төрағасы

2021-2022 жыл, «Жаңаөзен қаласы Қоғамдық даму орталығы» КММ директорының орынбасары

Біліктілігі:

2015-2019 жыл, «Жаңаөзен қалалық политехникалық колледжі», автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және оны басқару

Компьютерлік білімі: Adobe Illustrator, Corel Draw.

Қыдырбаев Нұрболат Жетыбайұлы – жоба есепшісі

Жұмыс тәжірибесі:

2004-2005 жыл «Бизнес инкубатор» МКҚК, несиелендіру бойынша маман.

2005-2007 жыл, «Каспийстройсервискомплект» ЖШС, бас бухгалтер.

2007-2008 жыл, «Баутино кенті әкімінің аппараты» ММ, бас бухгалтер

	<p>2013 жыл, «Түпқараған аудандық білім бөлімі» ММ, бас бухгалтер 2013-2014 жыл, «Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты» ММ, бас бухгалтер 2015-2016 жыл, «Түпқараған ауданы әкімінің аппараты» ММ, ұйымдастыру және бақылау бөлімінің бас маманы 2016-2017 жыл, «Маңғыстау облысы әкімінің аппараты» ММ, Ішкі аудит қызметінің бас маманы 2017-2019 жыл, «Айсат Сервис» ЖШС, Бас бухгалтер 2019-2022 жыл, «Шегендеу сервис» ЖШС, бас бухгалтер</p> <p>Біліктілігі:</p> <p>Бакалавр, Алматы «Қайнар» университеті (2019), экономика факультеті, қаржы саласы</p>
<p>3. Қосымша мәліметтер</p>	<p>Жоба жетекшісінің жалпы еңбек өтілі: 6 жыл. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру өтілі: 2 жыл. Жоба жетекшісіне жобаның орындалуын жалпы үйлестіру және бақылау; жобаға қажетті барлық құжаттарды оператормен келісу және нақтылау; жобаға мониторинг жүргізу; жобаны қаржылық, құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету міндеттері жүктеледі.</p> <p>Жоба есепшісінің жалпы еңбек өтілі: 17 жыл. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру өтілі: 10 жыл. Жоба есепшісіне бухгалтерлік есепті толық жүзеге асыру және жоспарлау; сондай-ақ осы жоба бойынша уақытылы қаржылық есеп беру міндеттері жүктеледі.</p> <p>Қоғаммен байланыс жөніндегі маманның жалпы еңбек өтілі: 4 жыл. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру өтілі: 3 жыл. Қоғаммен байланыс жөніндегі маманға әлеуметтік желілерді бақылау, жобаны ақпараттық тұрыда қамтамасыз ету және т.б. жұмыстарды жүргізу арқылы жобаны үйлестіру, нәтижелерді бағалау міндеттері жүктеледі.</p>
<p>4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме:</p> <p>Дүйсенов Еділбек Медетұлы – жоба жетекшісі</p> <p>Facebook: https://www.facebook.com/profile.php?id=100009338113410&mibextid=LQOJ4d Instagram: https://instagram.com/e_duisen?igshid=NTdIMDg3MTY=</p> <p>Тайжанов Нұрлығасыр Жанабайұлы – қоғаммен байланыс жөніндегі маман</p> <p>Facebook: https://www.facebook.com/profile.php?id=100016756095309&mibextid=LQOJ4d Instagram: https://instagram.com/nurlygasyr12?igshid=NzAzN2Q1NTE=</p>	

3. Жоба туралы

1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты	Азаматтық қоғамды дамыту
2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы	Жаңаөзен қаласындағы және оған іргелес ауылдардағы ҮЕҰ әлеуетін арттыру
3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу	<p>Маңғыстау облысында ресми түрде әртүрлі бағыттар бойынша іс жүргізетін 781 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Сонын ішінде 120 ұйым жастар саясаты, халықтың әлеуметтік аз қамтылған тобын қолдау, білім беру, салауатты өмір салтын насихаттау, азаматтардың өмірі мен құқықтарын қорғау салаларындағы қызметтерді үйлестіріп келеді.</p> <p><i>(Дереккөз: «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі. «Маңғыстау облысында 800-ге жуық ҮЕҰ жұмыс істейді» мақаласы. Сілтеме: https://www.inform.kz/kz/mangystau-oblysynda-800-ge-zhuyk-ukimettik-emes-uyym-zhumys-isteydi_a4040832/amp)</i></p> <p>Аталған 800-ге жуық Үкіметтік емес ұйымдардың 91-і Жаңаөзен қаласында тіркелген. Олар қала мен оған іргелес ауылдық елді мекендерде орналасқан.</p> <p><i>(Дереккөз: Жаңаөзен қаласы әкімі аппаратының ресми сайты. Сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/akimat-goroda-zhanaozen/documents/details/431944?directionId=16329&lang=kk)</i></p> <p>Алайда, қала аумағында тіркелген 91 ҮЕҰ бола тұрса да, аталған ұйымдар азаматтық қоғамның дамуына, алға жылжуына, қаладағы өзге де мәселелердің шешілуіне белсенді түрде атсалысып, үлес қосып отырған жоқ. Мұны кейінгі жылдары қала аумағында жүзеге асып жатқан әлеуметтік жобаларға жергілікті ҮЕҰ-дардың қатыспауынан анық байқауға болады. Бұдан өзге, еңбек дауларында, жұмыссыздық мәселелерінде, жастарды дамыту, азаматтық қоғамды алға жылжыту сынды күрмеулі мәселелерде ҮЕҰ жұмысы көрінбей қалуда.</p> <p>Жаңаөзен қаласындағы әлеуметтік жобалардың басым бөлігі Маңғыстауда 40 еншілес компаниялары орналасқан «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан атқарылып келеді. Аталған қор 2021 жылғы дерек бойынша Маңғыстау облысына кемі 800 млрдқа жуық қаражат құйған. 2021-2024 жылдары қор облыста жалпы құны 674 млрд теңгеден асатын жаңа инвестициялық жобаларды іске асырып жатыр. Аталған қаражаттардың басым бөлігі Жаңаөзен қаласына құйылып келеді. Дегенмен, әлеуметтік жобаларды қолдаумен айналысатын қормен бірлесе отырып, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда Жаңаөзен қаласының ҮЕҰ әлеуеті айтарлықтай төмен.</p> <p><i>(Дереккөз: «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті. Сілтеме: https://egemen.kz/article/290584-samuryq-qazyna-aq-manhghystau-oblysy-%E2%80%93-investitsiya-qiyu-isinde-basymdyqqa-ie-)</i></p> <p>Қоғамдық қор мұның барлығы аталған ұйымдардың заңды тіркеуден ғана өтіп, іс жүзінде қаржылық және құқықтық</p>

	<p>сауатының дамымай қалуымен, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру тетіктерін жеткілікті деңгейде меңгермегендігімен, өзге де ҰЕҰ-дармен тәжірибе алмасу шараларының аздығымен немесе мүлдем болмауымен, ҰЕҰ-дардың жергілікті халықтың қажеттіліктерін бағалай алмауымен байланысты деп есептейді.</p> <p>Сондықтан да, қоғамдық қор «Жаңаөзен қаласындағы және оған іргелес ауылдардағы ҰЕҰ әлеуетін арттыру» әлеуметтік жобасын тапсырыс берушімен келісе және тығыз байланыста қызмет ете отырып, қала аумағында сауатты және сапалы түрде жүзеге асыру үшін төмендегідей мақсаттар мен міндеттерді іске асыруды жоспарлап отыр.</p>
4. Әлеуметтік жобаның мақсаты	Жаңаөзен қаласында азаматтық қоғамды дамытуға жәрдемдесу, Жаңаөзен қаласындағы және оған іргелес ауылдардағы ҰЕҰ белсенділігін арттыру.
5. Әлеуметтік жобаның міндеттері	<p>Аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қоғамдық қор төмендегідей міндеттерді іске асыруды көздейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жаңаөзен қаласында және оған іргелес ауылдық елді мекендерде тіркелген ҰЕҰ-дың қажеттіліктерін бағалау және әлеуетін болжау; 2. Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде ҰЕҰ қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу; 3. Жаңаөзен қаласының ҰЕҰ басшылары мен мүшелеріне, құрылтайшылары мен өкілдеріне өз бағыттарын айқындауға көмектесу; 4. Тәжірибе алмасулар, кездесулер мен семинар-тренингтер ұйымдастыру арқылы әлеуметтік жобалар бойынша толыққанды ақпарат беру; 5. Жаңаөзен қаласындағы азаматтық қоғамның дамуына жаңа серпін беру; 6. Жоба бойынша тиімді жұмыс істеу үшін коммуникация құру; 7. Жобаға қажетті барлық серіктестермен меморандум жасау арқылы ақпараттандыру секілді жұмыстарды бірлесе атқару; 8. Аталған жобаны орындау барысында БАҚ, оның ішінде облыстық деңгейде жоба туралы ақпараттарды үнемі жариялап отыру; 9. Жоба бойынша ақпараттарды қоғамдық қордың парақшасы арқылы әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook) жоба аяқталғанша жариялап, тұрғындарды ақпараттандыруды тұрақты түрде жүргізіп отыру; 10. Аталған міндеттерді Жаңаөзен қаласы аумағында жүзеге асыра отырып, әлеуметтік жоба аясында тікелей – 50 адамды, жанама – 500 адамды қамту.
6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері):	<p>Жобаны тиімді іске асыру және қойылған нәтижелерге қол жеткізу үшін қоғамдық қор жоба бойынша белгіленген мақсаттар мен міндеттерді іске асырады. Қоғамдық қор жоба бойынша хабарландырулар, өзге де ақпараттарды дайындап, әлеуметтік желілерде жариялайды.</p> <p>Қоғамдық қор жоба міндетін орындау үшін жобаны бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады.</p> <p>1 кезең. Дайындық кезеңі</p> <p>Осы кезеңде жоба бойынша жоба командасы жасақталып, құрылады. Тапсырыс берушімен келісе отырып, жобаға қажетті барлық құжаттар әзірленіп, бекітіледі:</p>

- Жоба серіктестеріне арналған меморандум жобасы;
- Электронды ақпараттық өнімдердің эскиздері (ҮЕҰ-дар туралы ақпараттық дизайн, каталогтар, хабарландырулар афишалары т.б.);
- Ақпараттық науқан, соның ішінде жоба бойынша медиа-жоспар;
- т.б.

Көрсетілген құжаттар қажет болған жағдайда оператормен келісілетін болады.

***Инновациялар:** Қоғамдық қордың әлеуметтік желідегі парақшасында мектептермен және өзге де қоғам белсенділерімен, әлеуметтік желі қолданушыларымен кері байланыс бойынша ақпараттық жұмыстар жасақталады.*

2 кезең. Жоба бойынша ақпараттық жұмыс

Жоба міндетін орындау үшін ақпараттық науқанға сәйкес келесідей іс-шаралар өткізіледі:

- Әлеуметтік желілерде (Instagram және Facebook) жеке меншік мекеме парақшасы арқылы жоба туралы ақпараттар жарияланады. Қоғамдық қор парақшасында жоба туралы барлық өзекті ақпарат тұрақты негізде жарияланатын болады. Жарияланымдардың контент-жоспары әзірленеді;
- Жобаның көрнекі электронды өнімдерін шығару (ҮЕҰ-дар туралы ақпараттық дизайн, әдістемелік нұсқаулық, хабарландырулар афишалары т.б.);
- БАҚ-та, оның ішінде облыстық деңгейде, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде (жеке медиа-план бойынша) жоба туралы мақалалар, посттар тұрақты жарияланады.

***Инновациялар:** Жобаның ақпараттық тұрғыда тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жоба атауына сәйкес әлеуметтік желілерде (Instagram және Facebook) «Zhanaozen pro» деп аталатын арнайы парақшалар ашылып, жоба барысын фото, видео сүйемелдеумен айналысады. Сонымен қатар, жоба бойынша жүзеге асқан барлық жұмыстар аталған парақшаға орналастырылып, ортақ қор жасақталады. Бұған қоса, аталған парақшаларда Жаңаөзен қаласына қарасты және оған іргелес орналасқан Үкіметтік Емес Ұйымдар арасындағы белсенді ұйымдарды таныстыру, олардың осы күнге дейінгі атқарған қызметтерімен тұрғындарды таныстыру, сол арқылы өзге де ҮЕҰ-дарға әсер ету көзделіп отыр.*

3 кезең. Жобаны іске асыру

Қоғамдық қор аталған жоба арқылы міндеттер мен мақсаттарға сай арнаулы іс-шараларды өткізуді жоспарлап отыр. Жобаны іске асыру жоспары төмендегідей бірнеше іс-шараны қамтиды:

Біріншіден, Жаңаөзен қаласында тіркелген және оған іргелес орналасқан ауылдық елді мекендердегі Үкіметтік Емес ұйымдарды оқыту жоспарлануда. Аталған іс-шара «ҮЕҰ үшін қолайлы жағдай жасау және бәсекеге қабілетті үкіметтік емес секторды дамыту» деп аталады. Оқыту іс-шарасы 3 күнді қамтиды. Оқыту курстарына тапсырыс берушімен келісе отырып, кем дегенде 10 ҮЕҰ қамту жоспарланып отыр. Іс-шара офлайн форматта жүзеге асады.

1-күні оқыту курсы «ҮЕҰ туралы қызметі, қаржылық және құқықтық сауат» тақырыбында;
2-күні «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ байқауларына қатысу және жобаларын жүзеге асыру» тақырыбында;
3-күні «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа қатысу және жобаларын жүзеге асыру» тақырыбында өткізіледі деп болжанып отыр.

Аталған оқыту курсына:

1. Үкіметтік емес ұйым деген не?
2. Жоба және жобаны іске асыру жоспары
3. Мақсатты топ, жобаның мақсаты мен міндеттері
4. Жобаның тұрақтылығы мен күтілетін нәтижелер
5. Жобаның әлеуметтік әсері
6. Үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландыру көздері
7. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы жалпы ережелер
8. Гранттық бағдарламаға қатысу үшін жобалық өтінімнің нысаны
9. ҮЕҰ-ның құрылымдық-институционалдық дамуы
10. Қаржылық менеджмент
11. Жобалық менеджмент
12. Экономикалық және қаржылық сауаттылық
13. Құқықтық және салықтық сауаттылық
14. Маркетинг
15. Ақпараттық технологиялар
16. Есеп жазу т.б. тақырыптарында білім және ақпарат беріледі.

Екіншіден, Жанаөзен қаласында тіркелген және оған іргелес орналасқан ауылдық елді мекендердегі Үкіметтік Емес ұйымдарды әлеуметтік жобаларға қатыстыру және азаматтық көзқарастарын дамыту мақсатында өзге ұйымдармен тәжірибе алмасу шарасын (әрі қарай семинар-тренинг) өткізу көзделіп отыр.

Семинар-тренингке Маңғыстау облысының белсенді, үздік ҮЕҰ басшыларын қатыстыру жоспарлануда. Аталған семинар-тренингте Маңғыстау облысының белсенді ҮЕҰ басшылары өздерінің тәжірибелерімен, ҮЕҰ туралы білімімен бөлісетін болады.

Семинар-тренингтер жоба барысында кезең-кезеңімен жүзеге асады және офлайн форматта Жанаөзен қаласында өткізіледі.

Аталған тренингтерде төмендегідей және өзге де тақырыптар қамтылады:

1. Нақты саладағы жобаларды қаржыландыратын грант берушілері табу
2. Берілетін гранттардың сипаты, олардың мөлшері, нысаналы тобы туралы ақпараттарды зерделеу

	<ol style="list-style-type: none"> 3. Грант берушінің талаптарына сәйкес өтінімдер дайындау 4. Өтінім беруге қажетті құжаттарды жинау 5. Әлеуметтік жоба жазуда назар аудару қажет басты дүниелер 6. Жоба тұжырымдамасын анықтау 7. Проблемаларды, мақсаттар мен міндеттерід тұжырымдау 8. Мәселені зерттеу әдістері <p>Үшіншіден, жоба аясында электронды нұсқада ҰЕҰ әлеуетін арттыруға арналған әдістемелік құрал дайындалып, нысаналы ҰЕҰ арасында таратылатын және семинар-тренингтер мен оқыту курстарында әдістемелік құралды түсіндіру шаралары өткізілетін болады.</p> <p>Жоба аясында жасакталатын әдістемелік құрал бірінші кезекте ауылдық деңгейдегі ҰЕҰ-дың әлеуетін арттыруға бағытталатын болады. Нұсқаулық әлеуметтік жоба және оның құрылымы, үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландыру көздері, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы жалпы ережелерді және өзге де өзекті, маңызды сұрақтарды қамтиды.</p> <p>Қоғамдық қор аталған іс-шаралар кешенін Жаңаөзен қаласы аумағында жүзеге асыра отырып, әлеуметтік жоба аясында тікелей – 50, жанама – 500 адамды қамтуды көздеп отыр.</p> <p>4 кезең. Жобаны аяқтау</p> <p>Оператордың рәсімдеріне сәйкес растайтын құжаттары бар (жобаға қатысушылардың тізімі, іске асырылған жұмыстар туралы ақпарат, медиа есеп, жобаларды сүйемелдеу бойынша жүргізілген жұмыс материалдары, жоба туралы фото және бейне материалдар) жобаны іске асыру туралы шығармашылық есеп қалыптастырылып, операторға жіберіледі.</p> <p>Растайтын құжаттары бар жобаны іске асыру туралы Қаржылық есеп (Бухгалтерлік есеп нормаларын сақтай отырып, банктен үзінді көшірме және бастапқы қаржылық құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, қаржылық операциялар тізілімі) қалыптастырылып, операторға жолданады.</p> <p><i>Инновациялар: Операторға жобаны одан әрі іске асыру және масштабтау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін индикаторларды өлшеу, сондай-ақ жобаны одан әрі іске асыру бойынша ұсынымдар қалыптастыру үшін нысаналы топтарға әлеуметтік зерттеу жүргізілетін болады (қатысушылар, қызметтерді алушылар, серіктестер).</i></p>
7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы	Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы
8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні	1 сәуір, 2023 жыл
9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні	30 маусым, 2023 жыл

10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	<p>Жобаның нысаналы топтарын үш топқа бөлуге болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі нысаналы топ – Жаңаөзен қаласының тұрғындары, оның ішінде Үкіметтік Емес Ұйымдардың басшылары мен өкілдері, мүшелері мен құрылтайшылары, бастамашыл топтар мен жастар. 2. Жобаны қолдаушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, серіктестер, мемлекеттік органдар (кеңесшілер). 3. Еріктілер, әлеуметтік желі қолданушылары. 	
11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	<p>Аталған жоба қорытындысы бойынша төмендегідей нәтижелер күтіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жоба арқылы Жаңаөзен қаласындағы және оған іргелес орналасқан ауылдық елді мекендердегі Үкіметтік Емес Ұйымдардың құқықтық сауаттылығын және белсендігін арттыру көзделіп отыр. 2. Жоба барысында Үкіметтік Емес Ұйымдардың жұмыс жүргізу бағыттары айқындалады, азаматтық қоғамның дамуына жаңа серпін беріледі. 3. Кездесулер, семинар-тренингтер мен тәжірибе алмасулар арқылы ҮЕҰ-дарға әлеуметтік жобаларды жазу бойынша өзекті ақпараттар ұсынылады. 4. Жоба аясында қоғамдық қор әлеуметтік желілерде қала тұрғындарына қала және оған іргелес ауылдардағы ҮЕҰ-дарды таныстырады. 	
Сандық нәтижелері	<p>Тікелей қамту – 50 адам Жанама қамту – 500 адам</p>	
Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу үлгілері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін нысаналы топтардың қатысуымен бағалау сауалнамасы жүргізіледі. 2. Жобаны жүзеге асыру кезіндегі кері байланыс және әр деңгейдегі мақсатты топты қанағаттандыру іс-шаралардан кейінгі пікірлер арқылы жүзеге асады. 3. Сондай-ақ мақсатты топтың қанағаттану көрсеткіштерінің бірі жобаның жүзеге асырылғаны туралы әлеуметтік желілердегі хабарламалар мен жарияланымдардың «лайк» саны болып саналады. 	
12. Әлеуметтік жобаның серіктестері	<p>Жаңаөзен қаласының ішкі саясат бөлімі</p> <p>Жаңаөзен қаласы Қоғамдық даму орталығы</p> <p>Жаңаөзен қалалық «Жаңаөзен» қоғамдық-саяси газеті</p> <p>«Қазақстан» РТРК» АҚ Маңғыстау облыстық</p>	<p>Грант аясында қойылған міндеттерді бірлесіп орындау, мемлекеттік орган тарапынан жобаға қолдау білдіру</p> <p>Грант аясында қойылған міндеттерді бірлесіп орындау, мемлекеттік орган тарапынан жобаға қолдау білдіру</p> <p>Жобаны ақпараттық қамтамасыз ету</p> <p>Жобаны ақпараттық қамтамасыз ету</p>

		филиалы «Жаңаөзен» телеарнасы			
13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады		<p>Әлеуметтік жобаны ақпараттық тұрғыда қолдау жобаның жүзеге асу барысында тұрақты түрде жүргізілетін болады. Әлеуметтік жоба жұмысының алғашқы айында жобаның ашылуын хабардар ету туралы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне ақпараттар ұсынылады. Ақпараттандыру жұмыстары барысында жергілікті телеарна мен интернет сайттарды, мерзімді баспасөз өкілдерін қамту көзделуде. Жобаның ашылуы туралы хабардар ету сонымен қатар әлеуметтік желі арқылы жобаның арнайы парақшасында да, жобаны жүзеге асырушы қоғамдық қордың парақшасында да жүзеге асады.</p> <p>Бұған қоса, төмендегі күнтізбелік жоспарда көрсетілетіндей, ақпараттық қолдау жоба барысында тұрақты жүргізіледі. Ай сайын облыстық және қалалық мерзімді баспасөзге материал дайындап, жарыққа шығару жоспарланды. Жобаның қорытындысын жария ету және қол жеткізген нәтижелер туралы баяндау үшін жобаның қорытынды кезеңінде де ақпараттар сериясын шығару көзделіп отыр.</p>			
4. Күнтізбелік жоспар					
№ Р/с	Шешілетін міндет*	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер
1	Дайындық кезеңін жүзеге асыру	Жобалық топтың жұмысын ұйымдастыру, жұмыс бөлінісін қамтамасыз ету	1 сәуір, 2023 жыл	5 сәуір, 2023 жыл	Жұмыс тобы құрылады, медиа-план, контент-жоспар жасақталады.
2	Ақпараттық кезеңді бастау	Серіктестермен, өзге де ақпараттық құралдармен ақпараттық қолдау мақсатындағы келіссөздер жүргізу	6 сәуір, 2023 жыл	15 сәуір, 2023 жыл	Әлеуметтік жобаның қол жеткізетін нәтижелері мен жобаның жүзеге асу барысын БАҚ-қа жариялау бойынша серіктестер айқындалады.
3	Ақпараттық кезеңді жүзеге асыру	Жобаның басталуын хабардар ету туралы БАҚ	10 сәуір, 2023 жыл	15 сәуір, 2023 жыл	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жобаның басталуы, көзделіп отырған мақсаттар туралы тұрғындар ақпараттандырылады.

		өкілдері арқылы тұрғындарды құлағдар ету			
4	Жобаны жүзеге асыру	Семинарлар, кездесулер, тәжірибе алмасулар өткізу	10 сәуір, 2023 жыл	30 маусым, 2023 жыл	Тікелей 50 адамды, жанама 500 адамды қамтылады. Жаңаөзен қаласы және оған іргелес ауылдық елді мекендердегі ҰЕҰ-дардың белсенділігі артады.
5	Жобаның жүзеге асу барысын ақпараттандыру	Жобаның жүзеге асу барысы туралы фото, видео материалдар дайындау, өңдеу, жариялау	1 сәуір, 2023 жыл	30 маусым, 2023 жыл	Жобаның жүзеге асу барысы туралы ақпараттық фото, видео материалдар жарияланады. Бірқатар ҰЕҰ-дар тұрғындарға таныстырылады.
6	Жобаны аяқтау кезеңін жүзеге асыру	Жобаның қорытындысы мен қол жеткізген нәтижелер туралы хабардар ету	10 маусым, 2023 жыл	30 маусым, 2023 жыл	Жобаның қорытындылары мен қол жеткізген нәтижелер туралы бұқаралық ақпарат құралдарына бірқатар материалдар жарияланады.

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

№	Шығыстардың баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	Барлығы, теңге	Қаржыландыру көздері		Негіздеме/түсініктеме
						Өтініш беруші (жеке салым)	Грант қаражаты	
1	Административные расходы:						1 379 058,00	
	Зароботная плата, в том числе:						1 232 991,00	
	Руководитель проекта	Месяц	3	170 669	512 007		512 007,00	
	Специалист по связи с	Месяц	3	120 164	360 492		360 492,00	

	общественностью					
	Бухгалтер	Месяц	3	120 164	360 492	360 492,00
	Специальный налог и социальные отчисления	Месяц	3	34 359	103 077	103 077,00
	Обязательное социальное медицинское страхование	Месяц	3	12 330	36 990	36 990,00
	Банковские услуги	Услуга	3	2 000	6 000	6 000,00
	Прямые расходы:					420 942,00
2						420 942,00
	Мероприятие 1. Проведение семинара по повышению потенциала НПО					
	Транспортные услуги	Услуга	1	40 000	40 000	40 000,00
	Тренинговые материалы, канцтовары и принадлежности	Услуга	1	94 642	94 642	94 642,00
	Услуги видеографа	Услуга	1	100 000	100 000	100 000,00
	Суточные (не более 2 МРП x 3 спикер)	День	3	20 700	62 100	62 100,00
	Проживание (не более 4 МРП x 3 спикер)	День	3	41 400	124 200	124 200,00
	Итого:					1 800 000,00
<p>* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.</p> <p>Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі.</p> <p>Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.</p>						
6. Өтінімді растау						
Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:						
- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары						

мен тәртібіне келісім беруін;

- осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурста ұсынылған с-шаралар жобасында болмауын;
- осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
- осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкескелетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болыпта болмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруынтара туды қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

Тзтұрғанов Бағыз Бақыржанұлы - көр. директоры Жаңа 2023 ж. "15" наурыз

(ұйым басшысының лауазымы) (колы) (қолдың олық жазылуы) (толтыру күні)



Смета расходов по реализации социального проекта

Грантополучатель: "Parasat Pro" коғамдық қоры

Тема гранта: Повышение потенциала НПО в городе Жанаозен и прилегающих селах

Сумма гранта: 1 800 000

№	Статьи расходов	Единица измерения	Количество	Стоимость, в тенге	Всего, в тенге	Источники финансирования		
						Заявитель (софинансирование)	Другие источники софинансирования	Средства гранта
1	Административные расходы:							1 379 058,00
	Заработная плата, в том числе:							1 232 991,00
	Руководитель проекта	месяц	3	170 669	512 007			512 007,00
	Site manager	месяц	3	120 164	360 492			360 492,00
	Бухгалтер	месяц	3	120 164	360 492			360 492,00
	Социальный налог и социальные отчисления	месяц	3	34 359	103 077			103 077,00
	Обязательное социальное медицинское страхование	месяц	3	12 330	36 990			36 990,00
	Банковские услуги	услуга	3	2 000	6 000			6 000,00
2	Прямые расходы:							420 942,00
	Мероприятие 1. Проведение семинара по повышению потенциала НПО							420 942,00
	Транспортные услуги	услуга	1	40 000	40 000			40 000,00
	Тренинговые материалы, канцтовары и принадлежности (5 участников)	услуга	1	94 642	94 642			94 642,00
	Услуги видеографа	услуга	1	100 000	100 000			100 000,00
	Суточные (не более 2 МРП x 3 спикер)	день	3	20 700	62 100			62 100,00
	Проживание (не более 4 МРП x 3 спикер)	день	3	41 400	124 200			124 200,00
	Итого							1 800 000,00

